

Хамитова Г.Ж., Дурмекбаева Ш.Н., Жумабаева А.А, Шарипов Б.О.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ АЙМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН МАЛАЗЫҚТЫҚ ӨСІМДІКТЕР ТҮРЛЕРІ

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жыл сайын үдеп келе жатыр. Сондықтан табиғи флораның нәсілдік қорын, алуан түрлілігін сақтап қалу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселені шешу үшін жекелеген аймақтардың флорасын және түрлерін, туыстарын, тұқымдастарын түгелдеу, зерттеу қажеттігі өзінен-өзі туындайды.

Өсімдіктердің антропогендік деградацияға ұшырауы салдарынан шаруашылық құндылығы жоғары болған өсімдіктер қауымдастықтарының орнында құнарсыз немесе өнімділігі төмен антропогендік бос жерлер пайда болады [1].

Қазақстанның шикізат өсімдіктерін зерттеудің негізгі кезеңдерін былай көрсетуге болады:

Бірінші кезеңде (1920 – 1950 жж.) өсімдіктер шикізатының жаңа көздері іздестірілген және анықталған түрлердің пайдалы қасиеттері сипатталған. Яғни, осы кезеңде республиканың өсімдік ресурстары (дәрілік, техникалық, тағамдық және т.б. өсімдіктер) зерттеле басталған.

Екінші кезеңде (1950 – 1970 жж.) илік, дәрілік, техникалық өсімдіктердің бөлек топтары мен түрлері жан-жақты зерттелген.

Үшінші кезеңде (1960 – 1980 жж.) Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағының таулы экожүйесіндегі дәрілік өсімдіктерді кезең-кезеңмен зерттеу басталған.

Төртінші кезеңде (1980 – 1990 жж.) бөлек ботаникалық географиялық өңірлерде (жоталарда) ресурстық-түгендеу жұмыстары жүргізілген.

Бесінші кезеңде (1990 – 2000 жж.) ерекше бағалы емдік қасиеті бар түрлерді терең зерттей отырып, барлық алуан түрлі дәрілік флораға фронтальды тексеру жүргізілген [2].

Өсімдіктердің түрлері Ақмола облысы, Зеренді ауданы Зеренді көлінің солтүстік-батыс жағалауынан; Қошқарбай ауылының солтүстік-батыс бөлігінің 5 км қашықтықта орналасқан шоқыдан; Садовый ауылының солтүстік бөлігінің 2 км қашықтықта орналасқан аймақтан және Заборовка-Зеренді тас жолының бойынан жиналды.

Зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде маршруттық-аймақтық және А.И. Толмачевтың (1986) нақты флоралар әдісі алынды [3]. Өсімдіктерді жинау, кептіру және оларды дұрыс өңдеу жалпыға таныс А.К. Скворцовтың (1977) әдістемесі бойынша жүргізілді [4].


Жиналған түрлерді анықтау және олардың конспектісін түзу үшін «Флора Казахстана» (1956-1966) еңбектері пайдаланылды [5]. Зерттелген өсімдіктердің түрлері мен туыстарының латынша атаулары С.К. Черепановтың (1995) еңбегіне сәйкес берілді [6]. Өсімдіктердің орысша және қазақша атауларын жазуда С.А. Арыстанғалиев және Е.Р. Рамазановтың (1977) еңбегі пайдаланылды [7].

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелері бойынша Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасында малазықтық өсімдіктердің 12 тұқымдасына жататын 29 түрі анықталды (кесте 1).

1-кесте. Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасында кездескен малазықтық өсімдіктер түрлерінің тізімі

№	Тұқымдас	Түр
1	<i>Juncaceae Juss.</i>	<i>Juncus compressus Jacq. Enum. Stirp. Vindob,</i>
		<i>Juncus nastanthus V. Krecz. et Gontsch.</i>
		<i>Lusula pilosa</i>
2	<i>Cyperaceae Juss.</i>	<i>Carex supina Willd.</i>
3	<i>Poaceae Barnhart</i>	<i>Agropyron repens (L.)</i>
		<i>Beckmannia eruciformis (L.) Host.</i>

		<i>Setaria viridis</i> (L.) Beauv.
		<i>Echinochloa crusgalli</i> (L.) Beauv.
		<i>Calamagrostis epigeios</i> (L.) Roth.
		<i>Bromus inermis</i> Leyss. Fl. Hal.
		<i>Stipa lessingiana</i> Trin. et Rupr.
		<i>Festuca sulcata</i> Hack.
		<i>Festuca pratensis</i> Huds.
		<i>Poa pratensis</i> L. Sp. Pl.
4	<i>Potamogetonaceae</i> Dumort.	<i>Potamogeton perfoliatus</i> L
5	<i>Chenopodiaceae</i> Vent.	<i>Chenopodium glaucum</i> L.
6	<i>Fabaceae</i> Lindl.	<i>Trifolium Lupinaster pentaphyllus</i>
		<i>Trifolium repens</i> L.
		<i>Astragalus danicus</i> Retz.
		<i>Vicia silvatica</i>
		<i>Vicia cracca</i> L.
		<i>Medicago falcata</i> L.
		<i>Lathyrus tuberosus</i> L.
8	<i>Amaranthaceae</i> Juss.	<i>Amaranthus retroflexus</i> L.
9	<i>Geraniaceae</i> Juss.	<i>Geranium pratense</i> L.
		<i>Geranium dissectum</i> L.
10	<i>Scrophulariaceae</i> Juss.	<i>Veronica prostrata</i> L.
11	<i>Convolvulaceae</i> Juss.	<i>Convolvulus arvensis</i> L.
12	<i>Caryophyllaceae</i> Juss.	<i>Silene sibirica</i> (L.) Pers.



Сурет 1. Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасында кездескен малазықтық өсімдіктердің жалпы түрлер санына шаққандағы үлесі

Суреттен көріп тұрғанымыздай бірінші орында *Poaceae Barnhart* тұқымдасы (10 түр), екінші орында *Fabaceae Lindl.* (7 түр) және үшінші орында *Juncaceae Juss.* (3 түр) тұқымдастары тұр.

Әдебиеттер:

1. Горчаковский П.Л. Лесные оазисы Казахского мелкосопочника. - М.: Наука, 1987. – 160 с.
2. М.К. Кукунов. Ботаническое ресурсосведение Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 160 с.
3. Толмачев А.И. Методы сравнительной флористики и проблемы флорогенеза. – Новосибирск: Наука, 1986. – 192 с.
4. Скворцов А.К. Гербарий. Пособие по методике и технике. – М. : Наука, 1977. – 199 с.
5. Флора Казахстана. – Алма-Ата : Изд-во Академии Наук Казахской ССР, 1956–1966. – Т. I–IX.
6. Czerepanov S.K. Vascular plants of Russia and adjacent states (the former USSR) 1995. – 516 с.
7. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. – Алма-Ата : Ғылым, 1977. – 288 б.